

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университетінің»
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институты



BAHTURSYNULY
UNIVERSITY

«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР»
АТТЫ СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ
«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ
В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ»
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ –
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

г. Костанай, 20.11.2025 г.

УДК 37.0
ББК 74.00
3 - 21

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиевна** Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент); **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; **Сильвия Адамцова**, гуманитарлық ғылымдар магистрі, философия докторы (PhD), Экономикалық университеті Братиславада, Словакия; **Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ОМУ) доценті, Челябині, Ресей; **Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі; **Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының профессор ассистенті; **Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы; **Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының.

3- 21

«Заманауи білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2025 жылдың 20 қараша. Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1322 б.

«Традиции и инновации в современном образовании»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2025», 20 ноября 2025 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025 – 1322 с.

ISBN 978-601-356-621-4

«Сұлтанғазин оқулары–2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағында білім берудің заманауи даму бағыттары, цифрлық трансформация жағдайындағы педагогикалық үдерістер және білім беру мазмұнын жаңғырту мәселелері қарастырылады. Отандық және шетелдік авторлардың мақалаларында педагогикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру, құзыреттілікке негізделген оқыту, интерактивті және инновациялық педагогикалық технологиялар, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби, мета- және цифрлық құзыреттерін қалыптастыру мәселелері талданады. Жинақта жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды қолдану, болашақ педагогтар мен ХХІ ғасыр мамандарын даярлаудың практикалық бағдарлы модельдері ерекше назарға алынады. Жинақ ғалымдарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ заманауи білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын мамандарға арналған.

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения–2025» отражает современные научные подходы к развитию образования в условиях цифровой трансформации и глобальных изменений. В статьях отечественных и зарубежных авторов рассматриваются проблемы и перспективы педагогического и естественно-научного образования, компетентностно-ориентированного обучения, интерактивных и инновационных педагогических технологий, а также формирования профессиональных, мета- и цифровых компетенций обучающихся. Особое внимание уделяется роли высшего образования в подготовке педагогов и специалистов XXI века, вопросам внедрения искусственного интеллекта, цифровых инструментов и практико-ориентированных моделей обучения. Сборник предназначен для учёных, преподавателей высших учебных заведений, докторантов, магистрантов и студентов, а также специалистов, интересующихся актуальными направлениями развития современного образования.

ISBN 978-601-356-621-4



УДК 37.0
ББК 74.00

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ: ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫҢ БАЛАЛАРҒА НАСИХАТТАУ

Тулегенов Дамир

ДШЖСТП БББ 4 курс студенті
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ
Қостанай қ., Қазақстан

Ахметчина Толкын Аканғалиевна

ДШЖСТП кафедрасының аға оқытушысы
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ
Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл жұмыста қазақтың ұлттық ойындарын, соның ішінде тоғызқұмалақ ойынының балалар арасында насихаттау маңызы қарастырылады. Тоғызқұмалақ — ұлттың тарихи-мәдени мұрасы, логикалық ойлауды, сабырлылық пен зейінді дамытатын интеллектуалды ойын. Балаларға осы ойынды үйрету арқылы ұлттық құндылықтарға қызығушылығын оятып, патриоттық сезім мен рухани дамуына ықпал ету көзделеді.

Түйінді сөздер: ұлттық ойындар, тоғызқұмалақ, балалар тәрбиесі, логикалық ойлау, мәдени мұра, патриоттық тәрбие, ұлттық құндылықтар.

Аннотация

В данной работе рассматривается значение пропаганды казахских национальных игр, в частности игры тоғызқұмалақ, среди детей. Тоғызқұмалақ — это интеллектуальная игра, являющаяся частью культурного наследия казахского народа, которая развивает логическое мышление, внимательность и терпение. Обучение детей этой игре способствует воспитанию интереса к национальным ценностям, патриотизму и духовному развитию.

Ключевые слова: национальные игры, тоғызқұмалақ, воспитание детей, логическое мышление, культурное наследие, патриотическое воспитание, национальные ценности.

Abstract

This work explores the importance of promoting Kazakh national games, especially the traditional game Togyzkumalak, among children. Togyzkumalak is an intellectual game that forms part of Kazakhstan's cultural heritage, fostering logical thinking, patience, and concentration. Teaching this game to children helps cultivate interest in national values, patriotism, and overall spiritual development.

Keywords: national games, Togyzkumalak, child education, logical thinking, cultural heritage, patriotic education, national values.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-

дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақ жайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Ұлттық ойындар халық педагогикасына бір саласы болып отыр. Ол-сандаған ғасырлар бойы ұрпақтың керегіне жарап, оларды өмірге әзірлеу қажетін өтеуде. Қазақтың ұлттық ойындары тек дүниені ғана емес, ойды жаттықтырушы да болып табылады. Ұлттық ойындарын тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн. Өйткені, ойын баланың дүниені танып білуге қадам жасар алғашқы басқышы. Егер баланың алғашқы өмір кезіндегі тікелей айнала қоршаған ортамен байланысын адамдармен, жолдастарымен қарым — қатынасын елеп ескермей өмір тәжірибелерінен қол үзгізіп, бірден өзіне бейтаныс дүниеге мәжбүр етсек, олардың психикалық дамуына кері әсер етуі әбден мүмкін. Оның үстіне бұл тәрбие үдерісінде жақыннан алысқа жай нәрседен күрделіге, жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге деген қағидаға да қайшы келмейді [1].

Бұл жұмыстың мақсаты – дене шынықтыру және спорт жүйесінде ұлттық ойындардың қолдану, оның ішінде тоғызқұмалақтың маңызын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан көрсету, логикаға пайдасын сабырлық және зейінді дамытуға зерттеліңген.

Ұлттық ойындар – бұл халықтың дәстүрлі мәдениеті мен салт-дәстүрін көрсететін, арнайы ережелер мен қалыптасқан әдістер бойынша ұйымдастырылатын ойындар. Олар балалар мен жасөспірімдерді физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дамытудың маңызды құралы болып саналады. Қазақстанда кеңінен тараған ұлттық ойындарға мыналар жатады: тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар, қыз қуу, алтыбақан және т.б. [2].

Тоғызқұмалақ — ғасырлар тереңінен келе жатқан қазақ халқының ұлттық зияткерлік ойыны. Бұл ойынның тарихы өте көне замандарға барып тіреледі және Ұлы Дала төсінде өмір сүрген көшпелі халықтардың мәдениетімен тығыз байланысты. Тоғызқұмалақ — тек ойын ғана емес, ол – ата-бабаларымыздың ақыл-ойының, дүниетанымының көрінісі, ұлттық болмысымыздың бір бөлшегі [3].

Зерттеушілердің пайымдауынша, тоғызқұмалақтың пайда болуы мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі тайпалардың тұрмыс-тіршілігіне негізделген. Ойын тақтасындағы отаулар мен құмалақтар — көшпелі өмірдегі қой қора мен қой санын бейнелейтін символдар. Бұл ойын арқылы қазақ халқы жастайынан балаларына есеп жүргізуді, оймен саралауды, шыдамдылықты, стратегия құруды үйретіп отырған.

Тоғызқұмалақтың жазба деректерде алғаш кездесуі XV–XVI ғасырлардан басталады. Алайда, археологиялық және этнографиялық зерттеулерге сүйенсек, бұл ойынның тарихы мың жылдан астам уақытты қамтуы мүмкін. Қазақстанның әр өңірінде әртүрлі нұсқада ойналғанымен, ойынның негізгі ережелері мен мақсаты өзгермеген [4].

Тоғызқұмалақ тек Қазақстанда ғана емес, Қырғызстан, Моңғолия, Түрікменстан, Өзбекстан сияқты түркі тілдес халықтар арасында да кеңінен таралған. Түрлі атаулармен аталатын бұл ойын түрлері — бір негізден шыққанын дәлелдейді. Мысалы, қырғыздарда – «тогуз кумалак», түрікмендерде – «тогуз таң» деген атаумен белгілі.

XX ғасырдың басына дейін тоғызқұмалақ ауызша дәстүрмен, тұрмыстық ортада сақталып келген. Ал 1940 жылдан бастап Қазақстанда тоғызқұмалақтан алғашқы жарыстар ұйымдастырылып, бұл ойын ресми спорт түрі ретінде дами бастады. 1974 жылы Тоғызқұмалақ федерациясы құрылып, ойынның ережелері жүйеленді, арнайы тақталар мен құралдар дайындала бастады.

1991 жылдан кейін ұлттық құндылықтарға қайтадан көңіл бөліне бастағанда, тоғызқұмалаққа деген қызығушылық арта түсті. Бүгінде бұл ойын мектеп бағдарламасына енгізіліп, түрлі деңгейдегі жарыстар мен халықаралық турнирлер ұйымдастырылып келеді. Тоғызқұмалақ — Қазақстанның брендіне айналып, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне де енді.

Тоғызқұмалақ ойыны Қазақстанда ғасырлар бойы кең таралған. Кеңестік кезеңде бұл ойын біраз уақыт назардан тыс қалғанымен, тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық құндылықтарды жаңғырту мақсатында тоғызқұмалақ қайта жанданды. 2004 жылы Қазақстан Республикасының тоғызқұмалақ федерациясы құрылып, ел аумағында түрлі жарыстар, олимпиадалар ұйымдастырыла бастады.

Бүгінгі таңда тоғызқұмалақ еліміздің көптеген мектептерінде, колледждер мен жоғары оқу орындарында үйірме ретінде оқытылып келеді. Сонымен қатар спорт шеберлігіне үміткер, спорт шебері және халықаралық дәрежедегі шебер атақтарына ие болған жастар қатары жыл сайын артып келеді. Бұл – тоғызқұмалақтың тек ұлттық мұра ғана емес, халықаралық деңгейде танылып келе жатқан спорт түрі екенін көрсетеді [5].

Бүгінде тоғызқұмалақ – Қазақстанда тек ұлттық мұра ретінде емес, спорттың ресми түрі ретінде кең дамып келеді. Бұл ойынды дамытудың негізгі бағыттары:

- білім беру жүйесіне енгізілуі: тоғызқұмалақ көптеген мектептерде үйірме ретінде және кейбір білім беру ұйымдарында элективті курс ретінде оқытылады. Арнайы оқулықтар мен әдістемелік құралдар жарық көрген. Осы арқылы біз балаларға тоғызқұмалақты насихаттаймыз. Ескірген ойынды жаңарту мақсатында дамытып түрлі жарыстар мен ойындар өткізіп балалардың қызуғушылығын

оятудамыз. Сонымен қатар, бұл ойынның баланың ойлау қабілетін, логикалық дамуын арттыруға жұмыстар жасалынып жатыр. Білім жүйесінде балаларға ұлттық ойындар апталыған өткізу, балаларға арналған үйірме мен секциялар ашу арқылы насихатсақ болады.

- жарыстар мен турнирлер: республикалық және халықаралық деңгейде тұрақты түрде жарыстар өткізіледі. Қазақстан тоғызқұмалақтан Әлем және Азия чемпионаттарының тұрақты жеңімпаздарының қатарында. Оқушылар, жастар, ересектер және ардагерлер арасында бөлек санаттар бойынша жарыстар ұйымдастырылады [6, 7].

- Халықаралық дәрежеде таңылуы:

- Тоғызқұмалақ 2018 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді. Қазіргі таңда бұл ойынды 25-тен астам мемлекетте ойнайды, оның ішінде Германия, Чехия, Түркия, Ресей, Қытай, Моңғолия және т.б. елдер бар.

Федерация жұмысы: ҚР Тоғызқұмалақ федерациясы ұлттық құраманы жасақтап, жаттықтырушыларды даярлап, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде бөлімшелер ашып, жан-жақты жұмыс атқаруда [7].

- Қазіргі таңда тоғызқұмалақтың дамуына кедергі келтіретін кейбір мәселелер де бар:

- барлық өңірлерде бірдей деңгейде дамымаған;

- жаттықтырушы мамандар саны жеткіліксіз;

- кейбір мектептерде материалдық-техникалық база толық емес.

- Дегенмен, мемлекет тарапынан қолдау артып келе жатқанын байқауға болады. Болашақта тоғызқұмалақты халықаралық олимпиадалар деңгейіне көтеру, оны кең ауқымда дәріптеу мен зерттеу басты мақсаттардың бірі болып отыр [8; 9].

Тоғызқұмалақ ойынның ережесі. Тоғызқұмалақ ойынна арналған тақтада екі адам ойналатын ойын. Ойын тақтасы 2 қазаннан 18 отаудың, 162 құмалақтан тұрады. Ойынның басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз тоғыздан салынған 81 құмалақ болады. Бірінші жүріс жасаған ойыншыны қостаушы деп аталады [10].

Жүріс бастау үшін өз жағыңызда отаулардың бірінен сегізігін алып, бір құмалақты орнында қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, бір бірлеп таратады. Тарату кезінде құмалақтар өз отауларынан асып кететін болса, қарсыластың отауына салынады [11]. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ сан құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтар жұп етіп (2, 4, 6, 8, 10, 12) сол отаудағы құмалақтарды ұтып алып оларды, өз қазанамызға саламыз. Егер соңғы құмалағы бар отауына түсіп (3 құмалақтан басқа) тақ қылса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ ұтып алынбайды. Отауда егер жалғыз құмалақ қалса көрші отауға

жүргенде орны бос қалады .Жүріс жасау кезінде отауларға құмалақ салмай немесе екі-үш құмалақтар бөліп алып жүруге болмайды .

Жеңімпазды анықтау.Қазандағы құмалақтар саналады.Кімнің қазанында 82 немесе одан көп құмалақ болса — сол жеңімпаз деп танылады.Егер екі ойыншы да 81-ден құмалақ жинаса — ойын тең аяқталады. 81 немесе одан аз жинаған ойыншы — жеңіледі.

Маңызды ескертулер

Егер ойыншы қарсыласының құмалағын “жеп” отыру арқылы көп жинап, оның жүріс жасау мүмкіндігін шектесе, ол да ойынның аяқталуына әкеледі.

Тұздық арқылы құмалақтар тезірек жиналатындықтан, ойын жылдамырақ аяқталуы мүмкін.

Ойынды дұрыс аяқтай білу — тек ережелерді білумен шектелмейді. Ол үшін ойын барысында дұрыс стратегия құрып, қарсыластың жүрістерін болжай білу де аса маңызды[12].

Тоғызқұмалақты оқыту барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескеру – тиімді білім беру процесінің маңызды бөлігі. 5–7 жас аралығындағы балалар үшін ойын ережелерін қарапайым тілмен түсіндіру және көрнекі құралдарды қолдану маңызды. Бұл жаста балалар есте сақтау, ойлау ,қабылдау және зейін қою қабілетін енді дамыта бастайды, сондықтан сабақтар ойын түрінде ұйымдастырылуы қажет[13].

Ойын арқылы түсіндіру : Балларға ойынның негізгі мақсатын кім көп құмалақ жинаса сол жеңіске жетеді деп түсіндіруге болады. 8–12 жас аралығындағы оқушылар ережелерді жақсы меңгере алады, қарапайым тактикаларды қолдана бастайды. Бұл кезеңде оқушылардың логикалық ойлау қабілеті артып, есеп жүргізуге дағдыланады. Мұнда оқушылармен жаттығулар арқылы дағдыларын жетілдіру маңызды.

Көрнекілік құралдарды пайдаланып түсіндіру : Үлкен тақтайда немесе жұмсақ материалдан жасалған тоғызқұмалақ тақтасы мен құмалақтар қолданылса балларға сол арқылы ойын ережелерін түсіндіру. Әр отау мен құмалақтың қызметін түрлі-түсті суреттермен немесе белгілермен көрсету.

Қарапайым тіл мен қысқа нұсқаулар :Әр ойыншыда 9 отау болады”, “Әр отауда 9 құмалақ”, “Құмалақтарды сағат тілімен таратамыз” сияқты қысқа, нақты сөйлемдер қолдану. Абстрактілі емес, нақты әрекеттермен үйрету: “Құмалақты ал, келесі отауға сал” деген сияқты.

Тапсырмалар мен жаттығулар арқылы: бекіту Қарапайым жаттығулар: “Қай отауда қанша құмалақ бар?”, “Осы отадан бастап таратшы” деген сұрақтармен балалардың логикалық ойлауын дамыту. Балалармен жұптасып немесе топтасып жаттығу жасату – олардың ережелерді тез меңгеруіне көмектеседі [14].

Қозғалыс элементтерімен араластыру: Құмалақтарды балалар өздері қозғалып, отауларға тасу арқылы ережені есте сақтай алады. Мысалы, еденге үлкен тоғызқұмалақ тақтасын салып, әр бала бір отаудың рөлін ойнай алады.

Біз балаларды ерте жасынан тоғызқұмалаққа бейімдеу арқылы оның сыни ойлауын қалыптастырамыз. Балаға ерте жастан үйрету арқылы логикалық ойларын есептеуге қасиеттерің дамытамыз. Психологиялық тұрғыдан алғанда, тоғызқұмалақ баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, табандылығын дамытады. Сонымен қатар, ол сабырлылық пен әділдікке, қарсыласын құрметтеуге тәрбиелейді.

Қазақтың ұлттық ойындары — ұлт болмысын айқындайтын құндылықтардың бірі. Солардың ішінде тоғызқұмалақ ойыны балалардың зияткерлік қабілетін дамытып қана қоймай, ұлттық сана мен мәдени бірегейлікті қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Осыған орай, тоғызқұмалақты жүйелі түрде насихаттау — ұрпақ тәрбиесіндегі, сондай-ақ мәдени мұраны сақтаудағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Б. Төненбаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы. Қайнар, 1994.
2. Ә. Жұмағалиев, А.Қайырбеков. Тоғызқұмалақ. Оқу құралы – Алматы: Рауан, 2011.
3. Б. Әбдіғали, Б.Қобланов. Тоғызқұмалақ: Оқу-әдістемелік құрал – Астана: 2018.
4. С. Қасқабасов. Қазақтың ұлттық ойындары / С.Қасқабасов – Алматы: Білім, 2012.
5. ҚР БҒМ қосымша білім беру бағдарламалары – www.edu.gov.kz
6. Тоғызқұмалақ федерациясының ресми сайты – www.toqyzqumalaq.kz
7. Н.Тілеуова. Логикалық ойлау қабілетін дамыту әдістері / Н.Тілеуова – Шымкент, 2019.
8. С.К. Құрбанбаева. «Тоғызқұмалақ ойындары бүгінгі мен болашағы», «Алматы» 2004 жыл 14 б.
9. Ә. Ақшораев. Тоғызқұмалақ даналығы. – Тараз, 2000.
10. Қ. Сапарбеков. Тағлымы мол тоғызқұмалақ // “Оңтүстік Қазақстан” газеті. 28 шілде, 1999.
11. Т. Сұлтанбеков. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ А., “Қазақстан”, 1967
12. С. Тілеубаев, С. Бизақов. Тоғызқұмалақ әліппесі. Қағанат. 2000.
13. Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр аңыздар Алматы. «Жазушы». 1985, 368 б.
14. Ә. Ақшораев. Тоғызқұмалақ. Алматы. Қазақстан. 1979.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ



АЛҒЫ СӨЗ

Приветственное слово

Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

3

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Жампеисова Корлан Кабыкеновна, Ішпекбаев Жанатбек Ешенқожаұлы, Увалиев Талгат Ошанович	Болашақ мұғалімдерді кәсіби оқытуда интерактивті оқыту	9
Eva Smetanová	Beyond knowledge: competence-based learning for the 21 st century professional	19
Мауленов Қалыбек Сапарұлы	Цифрлық дәуірдің метақұзыреттері: жасанды интеллектті саналы қолдану арқылы оқыту және өзін-өзі білімдендіру	25
Усольцев Александр Петрович	Гуманитарный потенциал естественнонаучных дисциплин	30

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМ



ФИЗИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Абдирашидова Элмурадқызы, Нупирова Арайлым Маратовна	Дилнура	Физика сабағында жоба әдістемесін жүзеге асыру	35
Абишева Алина Муратовна, Серік Мария Мырзаханқызы, Бимагамбетова Купбергеновна	Баян	ЖИ мүмкіндіктерін биология - физика пәндерін инклюзивті оқытуда тиімді қолдану	42
Алдиярова Айгерим Сергазыевна		STEM-білім беру тәсілі: іске асырудың артықшылықтары мен қиындықтары	48
Алпеисова Карина Дулатовна, Телегина Оксана Станиславовна		Давление в спорте – способ сделать физику увлекательной	53
Ахмет Альфия Қайратқызы, Нупирова Арайлым Маратовна		Оқушылардың қисынды ойлауын дамытудағы физикадағы физикалық есептердің рөлі	58
Балацко Олеся Дмитриевна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна		Роль учебного эксперимента при изучении свойств жидкостей	64
Бақытжан Гүлсезім Қайыржанқызы, Нупирова Арайлым Маратовна		Физика сабақтарында саралап оқыту технологиясын қолдану	71
Ейкель Алена Рафиковна		Создание виртуальных лабораторных опытов с использованием технологий искусственного интеллекта	76
Ельясов Казыбек Кайыржанович, Калакова Гульсим Кабдуллоевна		Использование интернета в учебном процессе по физике	84
Ерсултанова Зейнеп Сапарғалиевна, Ерсултанова Зауреш Сапарғалиевна		Электрлік тізбектерді компьютерлік модельдеу	90
Жақан Әміржан Қайыржанұлы		Разработка STEM-симуляторов по физике с использованием инструментов ИИ	96
Жусупова Алия Болатовна, Калаков Берген Абитович		Физика пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру	102
Касымская Анастасия Ивановна		Программа курса по выбору «Физика вокруг нас: наука в действии» для обучающихся 8-9 классов общеобразовательных школ как средство формирования функциональной грамотности критического мышления учащихся	108

Кузнецов Никита Алексеевич, Калакова Гульсим Кабдулловна	Визуализация физических процессов: роль эксперимента и цифровых технологий	113
Қалиева Жұлдыз Төлеуханқызы, Нупирова Арайлым Маратовна	Жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқытуда физиканың рөлі мен әдістемесі	118
Құдайберген Ботакөз Баймұратқызы, Рыстыгулова Венера Ботабаевна, Телегенова Ақбота Берікбайқызы, Кужуханова Жадра Асаутаевна , Саттыкова Бану Ержанқызы	Физикалық ұғымдарды қалыптастыруда жасанды интеллектке негізделген білім беру комикстерін қолданудың тиімділігі	123
Мурзахметова Даяна Азаматовна, Калакова Гульсим Кабдулловна	Формирование мыслительных и познавательных навыков при изучении физики в классах гуманитарного профиля	131
Нупирова Арайлым Маратовна	Төңкерілген сынып» технолоиясы физика сабағында тәуелсіздікті дамыту құралдарының бірі ретінде	135
Оразалинова Дамелі Қаирбекқызы	Физика пәннің сабақтарында жасанды интеллект, виртуалды зертханаларын пайдалану	141
Пепке Влада Станиславовна, Телегина Оксана Станиславовна, Тастанов Мейрамбек Габдуалиевич	Проблемно-исследовательский подход как средство формирования познавательской активности учащихся на уроках физики	147
Репке Vlada Stanislavovna, Tastanov Meiramбек Gabdualievich, Mongotov Kazbek Bergentaevich	The influence of research activities on the formation of motivation for studying Physics	155
Райн Полина Александровна, Калакова Гульсим Кабдулловна	Средства, методы и формы обучения физики, ориентированного на формирование универсальных учебных действий	162
Ребик Анастасия Викторовна, Телегина Оксана Станиславовна	Современные подходы к организации лабораторных работ по физике в общеобразовательной школе	167
Сапиева Дарина Мухтаровна, Нупирова Арайлым Маратовна	Физика сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары	173
Сармурзина Айнура Нурбековна, Калакова Гульсим Кабдулловна	Автомобиль как объект изучения физических явлений в школе	177
Сафронов Андрей Викторович , Майер Федор Федорович	Интерактивные симуляции как средство актуализации учебного процесса на уроках физики	186
Ховалкина Александра Алексеевна, Телегина Оксана Станиславовна	Разработка методики внедрения систем искусственного интеллекта в процессе преподавания физики	191
Шваб Михаил Иванович, Езехель Евгения Александровна	Интеграция элементов нейрогимнастики и физической культуры в обучение физике в условиях инклюзивного образования	198

Секция 2

ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ МАТЕМАТИКА: ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДЕН БОЛАШАҚТЫҢ БІЛІМІНЕ ДЕЙІН



МАТЕМАТИКА В ЭПОХУ ИИ: ОТ СОВРЕМЕННЫХ ПРОБЛЕМ ДО ОБРАЗОВАНИЯ БУДУЩЕГО

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Абилова Кунель Аледдин–гызы, Готфрит Валерия Фридриховна	Оценка эффективности визуальных методов обучения математическим концепция и глубины усвоения материала учащимися	203
Аменова Айнура Бауржановна, Козова Жанар Косылбаевна, Пастушенко Марина Владимировна	Интерактивные технологии на уроках математики как способ повышения мотивации учащихся	208
Асканбаева Галия Баймухаметовна, Алимбаев Алибек Алпысбаевич, Еришева Асыл Аубакировна	Планиметриялық есептерді шешуде координаталық әдістің қолданылуы	213
Байгабулова Карина Еркиновна, Испулов Нурлыбек Айдарғалиевич	Тасымалдау және конвекция-диффузия теңдеуін шешудің сандық әдістері: дәлдігін, тұрақтылығын және есептеу тиімділігін талдау	218
Байканова Дана Куанышқызы, Темерханова Асемгуль Есмхановна, Есенгазина Жанар Иргебаевна	Искусственный интеллект в обучении математике: возможности и риски	225
Байшалганва Алина Сергеевна	Как информационные технологии на уроке математики помогают преодолеть дискалькулию	233
Болат Дамир Еркінұлы, Демисенова Женискуль Сейтжановна	Зачем нужна производная	238
Гриб Марина Викторовна, Рсалина Саржат Мухамбеткалиевна	Взаимодействие учителя математики и логопеда в развитии математической речи у учащихся с ЗПР И ТНР	244
Демисенова Женискуль Сейтжановна, Есмаганбетова Гильмира Абильтаевна	6-сынып оқушыларын математикалық модельдеуге үйретуде STEM-жобалардың тиімділігі	248
Ережел Нұржігіт Айдарұлы, Раисова Гульшат Тлеубаевна	Математикадан сыныптан тыс сабақтарда цифрлық құралдарды қолдану арқылы 5–6-сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру	252
Жумасаева Бибигуль Сагандыковна, Жумасаева Асель Сагандыковна	Математика мен жи:қазіргі қиындықтар және жаңа мүмкіндіктер	260
Кабиева Алтынгүл Марксовна	Математика пәнін оқытуда жасанды интеллект мүмкіндіктері	264

Калиева Молдир Буркитовна, Раисова Гульшат Тлеубаевна	Математика сабағынан тыс іс-шараларда 5-сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы рөлдік және топтық жұмыстың мүмкіндіктері	269
Кункабаева Аяжан Нурболовна	Геометрия сабақтарында жобалау қызметі арқылы математикалық ойлауды дамыту	273
Медведева Мария Михайловна	Особенности организации урока математики для детей с нарушениями слуха в условиях инклюзивного образования	280
Муратова Рушан Ринатовна	Современные цифровые ресурсы и технологии для инклюзивного обучения математике	286
Назарова Айгуль Айдеркановна	Математика и искусственный интеллект: практические подходы к формированию функциональной грамотности студентов	294
Раисова Гульшат Тлеубаевна, Дауренбекова Айгуль Талгатовна	Возможности цифровых образовательных технологий для формирования готовности к конструктивному взаимодействию у будущих учителей математики	300
Тапал Ұлбосын Бектепбергенқызы, Гусева Марина Владимировна, Бисебаева Айжан Кайратовна	Искусственный интеллект в математическом образовании: инструменты, кейсы, вызовы	307
Тастанова Акбота Жумагалиевна, Абишева Нурсулу Биржановна	Логикалық математикалық есептер негізінде оқушылардың аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру	313
Төремаханова Гүлмира Қалмұратқызы	Математикада цифрлық және интеллектуалды технологияларды қолдану	324
Тукенова Камар Аманкелдиевна, Алимбаев Алибек Алпыспаевич	Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың ездігінен білім алу дағдыларын дамыту	329
Туманова Канагат Мулдачевна	Математика в эпоху ИИ: от современных проблем до образования будущего	334
Фазылова Айгуль Абдулгалимовна	Педагогические условия формирования у будущих учителей математики готовности к развитию математического мышления учащихся	338
Хайруллина Жанна Салаутқызы, Қостөре Данагүл Болатжанқызы	Жасанды интеллект дәуіріндегі инклюзивті математиканың бейнесі	346
Ысмағұл Роза Сапабекқызы, Таспаева Айгерим Бауыржанқызы	Стандартты емес есептерді шешудің әдістемелік ерекшеліктері	349
Ярош Карина Игоревна	Национальная игра «Тогыз кумалак» как инструмент развития критического мышления и способ повышения мотивации учащихся 5–6 классов	355

Секция 3

ҚОҒАМ МЕН БІЛІМНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



СОВРЕМЕННЫЕ ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАЗВИТИИ ОБЩЕСТВА И ОБРАЗОВАНИЯ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Абатов Арман Азаматович, Калакова Гульсим Кабдуллоевна	Интеграция компьютерных презентаций как средство изучения физики тепловых явлений	360
Абдыкалыкова Тойкеновна, Сомтемирова Тойкеновна	Жанар Шынар Қазақ тілін үйретуде интерактивті платформалардың маңызы	364
